


Пайдаланудың алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Оны сақтап қойыңыз — ол сізге болашақта қажет болуы мүмкін.

Бұйымның сипаттамасы

Ультра ықшам Mi 3 (10000 мА сағ) сыртқы аккумуляторын таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Бұл екі жақты жылдам қуаттау кезінде 22,5 Вт максималды қуатты қамтамасыз ететін ықшам әрі шағын құрылғы. Жоғары сапалы литий-полимерлі батарея элементтерімен және қуаттау және қуатсыздандыруға арналған чиптермен жабдықталған сыртқы аккумулятор қауіпсіздік, тиімділік және үйлесімділік тұрғысынан өте жақсы жұмыс істейді.



Шағын аккумулятор
10 000 mAh Xiaomi Mi Power Bank 3 Ultra Compact

Пайдаланушы нұсқаулығы

Ескертпелер:
Батареяның қуат деңгейін тексеру батырмасы іске қосу батырмасы емес. Сыртқы аккумулятор қуаттау және қуатсыздану режимін автоматты түрде таниды.

Қауіпсіздік: бұл сыртқы аккумуляторда кез-келген жұмыс жағдайында артық қуаттауды немесе қуатсыздандыруды, қызып кетуді және қысқа тұйықталуды болдырмайтын көптеген қорғаныс құралдары бар. Жылдам қуаттау: бір USB-A порты қолдайды 5 В / 2,4 А, 9 В / 2,5 А макс., 12 В / 1,85 А макс. жылдам қуаттау режимі. Бір USB-C порты қолдайды 5 В / 3 А, 9 В / 2,5 А макс., 12 В / 1,85 А макс. жылдам қуаттау режимі. Үйлесімділігі: кіріктірілген USB қуаттау контроллері смартфондар мен планшеттерді қоса алғанда, көптеген интеллектуалды құрылғылармен үйлесімді. Сапасы: жоғары сапалы литий-полимерлі батарея, сондай-ақ ұзақ қызмет көрсету мерзімі бар қуаттау және қуатсыздандыру чипі.

Құрылғының тағайындалуы

Шағын аккумулятор смартфондар мен басқа шағын құрылғыларды қуаттауға арналған.

Қуаттау

Сыртқы аккумуляторды қуаттау үшін Mi қуат көзі адаптері мен қуаттау кабелін USB-C немесе Micro-USB портына қосыңыз. Индикатор келесі қуаттау күйін көрсетеді:

Қуат деңгейі	LED1	LED2	LED3	LED4
0-25%	Жыпылықтау	Сөнд.	Сөнд.	Сөнд.
25-50%	Қос.	Жыпылықтау	Сөнд.	Сөнд.
50-75%	Қос.	Қос.	Жыпылықтау	Сөнд.
75-99%	Қос.	Қос.	Вкл.	Жыпылықтау
Толық қуаттау	Қос.	Қос.	Қос.	Қос.
Қуаттау қатесі	Жыпылықтау	Жыпылықтау	Жыпылықтау	Жыпылықтау

Қуатсыздану

Құрылғыны сыртқы аккумулятордан қуаттау үшін құрылғыға қуаттау кабелінің бір ұшын, ал кабельдің екінші ұшын сыртқы аккумулятордың USB-A немесе USB-C портына қосыңыз. Индикатор келесі қуатсыздану күйін көрсетеді:

Қуат деңгейі	LED1	LED2	LED3	LED4
Қуаты төмен	Сөнд.	Сөнд.	Сөнд.	Сөнд.
0-25%	Жыпылықтау	Выкл.	Сөнд.	Сөнд.
25-50%	Жыпылықтау	Жыпылықтау	Сөнд.	Сөнд.
50-75%	Жыпылықтау	Жыпылықтау	Жыпылықтау	Сөнд.
75-100%	Жыпылықтау	Жыпылықтау	Жыпылықтау	Жыпылықтау

* Әлсіз тоқты разряд: сыртқы аккумулятор қуатталмаған кезде, әлсіз тоқты разряд режиміне өту үшін қуат деңгейін тексеру батырмасын екі рет басыңыз. Бұл режимді Bluetooth құлақпарты мен смарт-білезіктер сияқты әлсіз тоқты құрылғыларды қуаттау үшін пайдалануға болады. Жарықдиодты индикаторлар сыртқы аккумулятордың әлсіз тоқ разряды режимінде екендігі туралы сигнал бере отырып, бірінен кейін бірі жүйелі түрде жанып тұрады. Бұл режимнен шығу үшін жай ғана батырманы тағы бір рет басыңыз. Екі сағаттан кейін сыртқы аккумулятор автоматты түрде осы режимнен шығады.

Ескерту

Құрылғыны дұрыс пайдаланбау батареяның дұрыс жұмыс істеуіне, қызып кетуіне, өртке немесе жарылысқа әкелуі мүмкін. Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету және жарақат алу және мүліктің бұліну қаупін азайту үшін келесі сақтық шараларын сақтаңыз:

- Бұл сыртқы аккумулятор — ойыншық емес. Оны балалардың қолы етпейтін жерде сақтаңыз. Жазатайым оқиғаның алдын алу үшін балаларға сыртқы аккумуляторды пайдалануға немесе ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Осы сыртқы аккумуляторды қуаттау кезінде, электр тогының соғуына немесе батареяның зақымдалуына жол бермеу үшін жергілікті қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетін қуаттау құрылғысын пайдаланып жатқандығыңызға көз жеткізіңіз.
- Сыртқы аккумуляторды қысымға, соққыларға, қатты тербелістерге ұшыратпаның және сұйықтыққа тигізбеңіз. Осы әрекеттердің кез-келгені қысқа тұйықталуға, батареяның немесе электр желісінің зақымдалуына әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайда сыртқы аккумуляторды пайдалануды дереу тоқтатып, оны дұрыс кәдеге жаратыңыз.
- Егер сыртқы аккумулятор ісінген, деформацияланған болса, ағып кетсе немесе оның сыйымдылығы айтарлықтай төмендеген болса, оны дереу қолдануды тоқтатып, тиісті түрде кәдеге жаратыңыз.
- Сыртқы аккумуляторды жылуды шығару қиын жерлерде қуаттамаңыз немесе қуатсыздандырмаңыз (мысалы, шалбардың қалтасында, жабық сөмкеде, төсекте немесе диванда). Қуаттау кезінде сыртқы аккумулятордың киімімен, жастықтармен, көрпемен немесе басқа заттармен жабылмағанына көз жеткізіңіз. Ұзақ уақыт бойы құрылғыларды, соның ішінде телефондарды қуаттау үшін сыртқы аккумуляторды пайдаланған кезде, жылудың жақсы таралуын қамтамасыз ету үшін оларды бірге қоймаңыз.
- Осы сыртқы аккумуляторды бөлшектемеңіз, теспеніз, соғып алмаңыз және тұйықтамаңыз. Ешқашан оған сұйықтықтардың түсуіне, оттың және басқа жылу көздерінің әсеріне ұшырауына жол бермеңіз, мысалы, пештер, жылытқыштар немесе қоршаған ортаның температурасы 60 °C (140 °F) жоғары болатын қоршаған орта.
- Ыстық ауа-райында сыртқы аккумуляторды автомобильде немесе басқа жерлерде тікелей күн сәулесінің әсеріне ұшыратпау үшін қалдырмаңыз.
- Осы сыртқы аккумулятор литий-полимерлі батареяны қамтиды. Батареяның зақымдануын болдырмау немесе қауіпсіздікке қатер туындатпау үшін корпусы ашуға қатаң тыйым салынады.

Сақтық шаралары

- Бірінші қолданар алдында сыртқы аккумуляторды толығымен қуаттап алыңыз.
- Сыртқы аккумуляторды немесе оның басқа құрылғыларын қуаттау үшін тиісті қуаттау құрылғысын және USB-кабелді пайдаланыңыз (Mi сауда белгісі ұсынылады).
- Сыртқы аккумуляторды қуаттау кезінде оны ұзақ уақыт қараусыз қалдырмаңыз. Шығар алдында оны қуат көзінен ажыратыңыз.
- Сыртқы аккумуляторды немесе басқа құрылғыларды толығымен қуаттағаннан кейін, зақымданудың алдын алу үшін қуаттауға арналған кабельді уақытында ажыратыңыз.
- Егер батырманы басқаннан кейін батареяның қуат деңгейі көрсетілмесе, сыртқы аккумулятор қорғаныс режиміне өткен болуы мүмкін. Сыртқы аккумулятордың жұмысын қайта бастау үшін сыртқы қуаттау құрылғысын қосып көріңіз.

Сақтық шаралары

- Егер сіз ұзақ уақыт бойы сыртқы аккумуляторды пайдаланбасаңыз, оны салқын және құрғақ жерде сақтаңыз және батареяның қуат деңгейін 25-50% шегінде ұстаңыз. Ұзақ мерзім сақтаған кезде сыртқы аккумуляторды толықтай қуаттамаңыз немесе батареяның қызмет ету мерзімін қысқартпау үшін оның қуат деңгейін бос қалдырмаңыз.
- Құрылғы балалардың және, олардың қауіпсіздігі үшін жауапты болатын басқа тұлғалар бақылауды жүзеге асырайтын жағдайларды қоспағанда, физикалық, сенсорлы немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі тұлғалардың пайдалануына арналмаған. Балаларға құрылғымен ойнауға болмайды.

Пайдаланушы нұсқаулығындағы бұйымның, компоненттердің және пайдаланушы интерфейсінің суреттері тек ақпараттық мақсатта ұсынылған. Құрылғының нақты сипаттамалары және оның функциялары өнімнің жақсартуларына байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Техникалық сипаттамалар

Үлгісі: PB1022ZM.
Аккумулятордың түрі: литий-полимерлі аккумулятор.
Сыйымдылығы: 10000 мА/сағ, 3,7 В, 37 Вт сағ.
Кіру порты: USB-C/microUSB.
Шығу порты: USB-A/USB-C.

Кіру:

- (USB-C) 5 В 3 А, 9 В 2,5 А.
- (microUSB) 5 В 2 А, 9 В 2 А.

Шығу: макс. 22,5 Вт (Көп порты) 5 В 3 А.

- (USB-A) 5 В 2,4 А, 9 В 2,5 А Макс., 12 В 1,85 А Макс.
- (USB-C) 5 В 3 А, 9 В 2,5 А Макс., 12 В 1,85 А Макс.

Жұмыс температурасы: 5 °C-ден 35 °C дейін.
Бұйымның өлшемдері: 90 x 63,9 x 24,4 мм.

Қуаттау уақыты:

- 3,5 сағатқа жуық (қуаттау құрылғысы* PD 24 Вт немесе жоғары, USB-C-ге USB-C қуаттау кабелімен).
- 6 сағатқа жуық (қуаттау құрылғысы* 5 В / 2 А, жиынтықтағы қуаттау кабелімен).

* Қуаттау құрылғысы жиынтыққа кірмейді.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары

- Құрылғы ешқандай монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы дайындаушының және тұтынушының жылытылатын орынжайларында 5 °C-тан 40 °C-қа дейінгі ауа температурасында және 80%-дан аспайтын ауаның салыстырмалы ылғалдылығы кезінде қаптамада сақталуы керек. Орынжайларда жегіден тұдыратын агрессияшыл қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы керек.
- Құрылғы мұқият пайдалануды қажет етеді, оны шаңнан, кірден, соққыдан, ылғалдан, оттан және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өткізілуі керек.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, федералды немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберіледі. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, табиғи ресурстарды үнемдеуге көмектесесіз және тиісті түрде пайдаланбаған жағдайда, қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірілуіне жол бермейсіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорындан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу авторизацияланған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қолдан жасаудан қорғауға арналған жапсырмадағы нұсқаулар

Әрбір Mi 3 (10000 мА-сағ) ультраықшам сыртқы аккумуляторы сыртқы қаптамасындағы контрафактілік жапсырмамен бірге жеткізіледі. Өнімнің түпнұсқалығын тексеру үшін контрафактіге қарсы жабыңды сырып алып, содан кейін chaxun.mi.com қауіпсіздік кодын енгізіңіз.



Қолдан жасаудан қорғауға арналған жапсырма



Өшірілген қорғаныс қабаты бар жапсырма

CE

Өндірісуі осы арқылы жабдықтың барлық қолданылатын директивалар мен еуропалық нормалардың, сондай-ақ оларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың талаптарына сәйкес келетінін мәлімдейді. ЕО нормативтік талаптарына сәйкестік туралы декларацияның толық мәтіні келесі мекенжай бойынша қолжетімді:

<http://www.mi.com/global/service/support/declaration.html>

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Цыми Корпорэйшн.
A913, Чэнцзян тас жолы N159, Цзяньнин қ., Цзянсу пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нур-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар MEMCT-ның талаптарына сәйкес келеді.

Айрықшаламалар, өнім туралы ақпарат, оның жиынтықтамасы және атқарымы, пайдаланушыға алдын ала хабарламай, өзгертілуі мүмкін.

TM: Xiaomi.



Тауардың өндірілген күні, сондай-ақ пайдалану және кепілдік мерзімдері қаптамада көрсетілген.

